

Клиенттер – заңды тұлғалар/ шаруа (фермер) қожалықтары / жеке кәсіпкерлер/нотариустар / адвокаттар / жеке сот орындаушылары және кәсіби медиаторлар үшін тарифтердегі өзгерістер туралы ақпарат

Құрметті клиенттер!

ВТБ (Қазақстан) банкі (бұдан әрі – Банк) Банк Басқармасы бекіткен (2021 жылғы «10» наурыздағы №16 Хаттама) заңды тұлғалар және олардың оқшауланған бөлімшелері (филиалдары, өкілдіктері) үшін ағымдағы шотты ашу туралы қосылу шартының (бұдан әрі – Шарт) 1.7-тармағына сәйкес, өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып және Банк Басқармасы (2021 жылғы «10» наурыздағы №16 хаттама) бекіткен ағымдағы шотты (*дара кәсіпкерлер, адвокаттар, нотариустар, жеке сот орындаушылары, шаруа (фермер) қожалықтары, кәсіби медиаторлар үшін*) ашу туралы қосылу шартының (бұдан әрі – Шарт) 1.8 т. сәйкес, өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, Банктің Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 01 қазандағы №26/2024 шешімімен бекітілген, Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ-да заңды тұлғалар/шаруа (фермер) қожалықтары/ жеке кәсіпкерлер/нотариустар/ адвокаттар/ жеке сот орындаушылары және кәсіби медиаторлар үшін банктік және өзге де операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы Ережеге 2024 жылғы 21 қазаннан бастап күшіне енетін №9 өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес, шарт шеңберінде көрсетілетін төлем қызметтері бойынша Банктің тарифтеріне өзгерістер енгізу туралы және банктің жаңа тарифтерін енгізу туралы банктің клиенттерін хабардар етеді.

Шарттың талаптарына сәйкес, осы хабарлама орналастырылғаннан кейін үшінші жұмыс күнінен кешіктірмей, сіз Банктің өзгертілген тарифтеріне қатысты өзіңіздің уәкілетті өкіліңіз қол қойған жазбаша бас тартуды Банкке жіберуге құқылысыз.

Осы хабарлама орналастырылғаннан кейінгі үшінші жұмыс күні Сіздің уәкілетті өкіліңіз қол қойған жазбаша бас тартуды Банктің алмауы сіздің шарт шеңберінде көрсетілетін төлем қызметтері бойынша Банк тарифтерінің мөлшерімен келісетініңізді куәландыратынын және өзгертілген шарттарда ағымдағы шотты пайдалануға Сіздің ерік білдіруіңіздің жеткілікті растамасы болып табылатынын Сіздің назарыңызға аударамыз. Мұндай келісім толық және сөзсіз деп танылады.

Банктің Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 01 қазандағы №26/2024 шешімімен бекітілген Банктің тарифтерімен, оның ішінде №9 ВТБ Банкі АҚ-ға (Қазақстан) банктік және өзге де операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы ережеге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес, Интернет желісінде Банктің ресми сайтында мына мекенжай бойынша таныса аласыз: www.vtb-bank.kz.

Құрметпен, ВТБ Банкі (Қазақстан)